

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 1 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/YVDX6427>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/CGNP2575>

***3. С. Машрапова**

Торайғыров университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5272-3521>

*e-mail: Zaure-mashrapova@mail.ru

ҚАЗАҚ АҚЫН, ЖАЗУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДА КЕЗДЕСЕТІН «АҚЫЛ», «ЖҮРЕК» СӨЗДЕРІНІҢ НЕЙРОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ

Мақалада қазақтың атақты ақын-жазушылары Абай, Шәкәрім, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мәшһүр Жүсіптің шығармаларынан «ақыл», «жүрек» сөздерінің нейролингвистика саласына қатысты маңызы талқыланды. «Ақыл» және «жүрек» сөздері қазақ әдебиетінде және халық ауыз әдебиетінде ерекше орын алады. Қазақ ақындары мен жазушылары бұл ұғымдарды адамның ішкі әлемін, рухани байлығын және адамгершіліктің маңыздылығын жеткізу үшін қолданған. Бұл сөздердің нейролингвистикалық маңызы, яғни олардың адамның психологиясына, сана-сезіміне, мінез-құлқына әсері зор. Аталған ұғымдар арқылы адамның логикасы мен эмоцияларының үйлесімін суреттейді. Бұл тақырыпты зерттеу барысында «ақыл» және «жүрек» ұғымдарының әдебиеттегі бейнеленуінің адам психологиясына әсері мен олардың тілдік тұрғыдан қалай көрініс табатыны қарастырылады. Нейролингвистика ғылымының әдістері арқылы бұл сөздердің қолданылуы адам санасына, эмоциялары мен мінез-құлқына қалай әсер ететінін талдау арқылы түсіндіріледі.

Мақаланың басты міндеті мен бағыты ретінде қазақ ақын-жазушыларының шығармалары тереңірек және жан-жақты зерттеледі. Көрнекті ақын, жазушылардың еңбектерінен нейролингвистикалық ерекшеліктер сараланады. Сөз қуаты, сөз энергиясы және адамдарға айтылған сөздің әсері айқындалады. Зерттеу материалы ретінде ми, жүрек, сана, ақыл сөздері алынады. Адамның қуат көзі, дене, ағза, жүрек, қан тамырларының т.б. қызметтері жұмыс істеу функциясы кеңінен жазылады. Бірақ та,

бүгінгі ой-жүйесінен ғылыми тұрғыда, әсіресе нейролингвистика тұрғысында зерттеу аса жауапты міндет.

Кілтті сөздер: сөз, нейролингвистика, тіл, әсерек, ақыл, ми.

Кіріспе

Бүгінгі күні заманауи жаһандану үдерісі мен ІТ-технологиялардың үздіксіз дамуы адамның эмоционалдық және ақыл-ой өрісіндегі ерекшеліктерді бір ғана когнитивтік ақылдың көмегімен айқындауға және шешуге болмайтындығы дәлелденуде. Сол себепті осындай қиын мәселелердің мағынасын түсіну үшін адамның жүйке жүйесінің әртүрлі элементтеріндегі тым жұқа, білінер-білінбес дене тітіркенуін аңғару және онымен бірге әрекет етудің маңыздылығы анық болып отыр. Себебі адамзаттың дене мүшелері субъект тәжірибесінің түпсіз құрылымына баруға болатын тереңдегі нейролингвистикалық паттерндер мен үдерістердің көрінісі болатыны анықталды.

Б. Қ. Ақбердиева өзінің еңбегінде тілді антропологиялық бағытта зерттеу барысында тіл және адамның рухани белсенділігі; тіл мен ойлау; тіл және адам физиологиясы; тіл және индивид психологиясы; тіл және мәдениет; тіл және таным; тіл және қоғам; тіл және жалпыхалықтық құндылықтар; тіл және коммуникация сияқты мәселелерді алға қою қажет екенін айтады [1, 15-б.].

Тіл – әлем бейнесін жеткізе алатын, адамзаттың санасында бүтіндей қалпында қайталанып өмір сүріп отыратын құдірет. Тілдің кеңістік пен уақытқа қатысты тізбектік қатары поэзия мен прозада қайталанып келіп, бастапқы формасына оралады. Осылайша тек көлденең бағытта ғана емес, тік бағытта да ассоциативтік байланыс орнайды.

Тілдік қарым-қатынас тәжірибесі эмпирикалық деректер жіктеу негізінде алынған білімді бақылау, өлшеу, эксперимент және жалпылау, білім арқылы қабылданған ақпаратты жинақтайды.

Материалдар мен әдістері

Мақаланы жазу барысында қазақтың белгілі ақын-жазушылары Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Абай Құнанбаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Шәкәрім Құдайбердіұлы сынды ғұламалардың шығармалары басшылыққа алынды. Мақалада әдебиеттерді жинақтау және талдау әдістері пайдаланылды. Әр жазушының негізгі ойды түсіндірудегі ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтауға мүмкіндік беретін әртүрлі салыстырмалы талдау жүргізіледі.

Нәтижелер және талқылау

1844 жылы Л.Виганның еңбегі жарыққа шықты, онда оң және сол жақ мидың «тәуелсіздігі», «жеке басы» туралы идеялар алғаш рет айтылып қана қоймай, сонымен бірге үлкен жарты шарлардың барлық сипаттамалары, тіпті олардың әрқайсысына тән сана түрлері тереңнен

сипатталған [2, 161-б.]. Адамзаттың барлығында когнитивтік ақыл бар, бірақ айналамызбен үндесім тауып, өмір сүру үшін соматикалық ақыл керек екенін жақсы білеміз. Соматикалық ақыл дегеніміз – тәніміздің ішіндегі ақыл, егер де біз онымен ажырамай, үндесіп өмір сүрсек, «өз тәнімізде» өмір сүреміз. Атақты ақын, ғұлама М.Ж.Көпеев ақыл туралы өлеңдері мен ғибрат сөздерінде терең де, мағыналы ойлармен айтып кеткен, мысалы «Ақыл туралы» өлеңінде былай дейді:

*Көрінген көзге жылы бет емес пе,
Құдайға имансыз құл шет емес пе?!
Адамның тіршілігі – тіл мен жүрек,
Екеуі екі-ақ жапырақ ем емес пе?!
Ақылды әуелде Алла мыңға бөлген,
Кім жақын құдіретіне, соған берген [3, 103-б.].*

«Ақыл деген не нәрсе?» атты ғибрат сөзінде ақылды нұрмен теңестіреді: «Адам деген бір жалаңаш нәрсе. Мінез, ақыл, сөз – киім іспеттес. Осылар көркем болса, жұрт көзіне сүйікті, көрікті көрінеді.

Егер мінезі жаман болса, ақылы жоқ болса, сөз ретін білмесе, киімі жаман есепті, жұрт көзіне сүйкімсіз, жексұрын...» [3, 259-б.].

Шәкәрім Құдайбердіұлы «Ақыл» сөзін өлеңдерінде көп қолданған, мысалы, «Иманым» өлеңінде сегіз рет осы сөзді алған. Талданған 23 өлеңінде «ақыл» сөзін автор 35 рет қолданған.

*«Ақыл деген өлшеусіз бір жарық нұр,
Сол нұрды түгел сіңірет денені бір құр.
Ақыл жоқ дене – сырты сау, іші керен,
Ақыл жоқ жан – бір қыбыр, бір тұтам құр.» [4, 17-б.].*

Бұл өлеңде «ақыл», «нұр», «дене», «жан» сөздері абстрактілі ұғымдарды сипаттау үшін қолданылған. «Нұр» сөзі арқылы Шәкәрім ақылдың жарық пен білім беруші қасиетін бейнелейді.

Өлеңдегі сөйлемдер шартты құрылымда берілген, әрбір жол бір ойды жеткізеді. Қарама-қайшылық арқылы («ақыл жоқ дене - сырты сау, іші керен») ойдың мәнін айқындайды.

«Нұр» және «құр» сөздерінің дыбыстық үйлесімі өлеңнің әуезділігін күшейтіп, ырғақтылығын сақтайды.

Өлеңнің негізгі идеясы – ақылдың адам өміріндегі маңыздылығын көрсету. Ақылсыз өмірдің бос екендігін, ал қылдың адамды нағыз адам ететін қасиет екенін түсіндіреді. Оның тілі мен ойлау қабілеті жоғары деңгейде дамыған және шығармалары арқылы оқырманға рухани тәрбие беруге тырысады.

С. Торайгыров «Жарқынбай» өлеңінде: «Кім мақтаса соны дос, жақын дейді. Надандар надан сөзін ақыл дейді» [5, 45-б.]. С.Торайгыровтың

шығармаларында «ақыл» ұғымы адамның ойлау жүйесін, тілдік рөлін және танымдық процестерін сипаттайды.

С. Торайғыров «ақыл» ұғымын адамның танымдық қабілеттерімен тығыз байланыстырады. Оның ойынша, ақыл – адамның қоршаған ортаны түсінуіне, жаңа білімдерді игеруіне және логикалық байланыстарды құруына мүмкіндік беретін құрал. Нейролингвистикалық тұрғыда бұл мидың когнитивті қабілеттерін, оның ішінде есте сақтау, ойлау, талдау және шешім қабылдау сияқты процестерді қамтиды.

Адамның эмоциялары мінез-құлық үлгісін, сондай-ақ адамның әлеуметтік болмысын қалыптастыруда шешуші рөл атқаратыны анықталды. Ашу, сүйіспеншілік, жеккөрушілік, қорқыныш және т.б. сияқты эмоциялар адамның әртүрлі реакцияларын тудыруы мүмкін екендігі анықталды [6, 17-б.].

Мысалы, С. Торайғыровтың көптеген өлеңдерінде ақыл адамның күрделі мәселелерді шешу қабілетіне баса назар аударады. Бұл адамның нейрондық желілерінде пайда болатын байланыстырушы процестерге, яғни жаңа білімді игеру және бұрынғы ақпаратты қолдану қабілетіне байланысты.

Батыстың «НЛП-2: поколение Next» нейролингвистикалық бағдарламалаудың соңғы маңызды жетістіктері жазылған кітабында, адамның денесі бастағы миға бағынатын жай ғана машина емес, «Ми денеде де бар. Денеде бірнеше «ми» бар. Осы керемет жаңалық «нейролингвистикалық бағдарламалаудың нейро-аспектілерімен» тығыз байланысты» [7, 120-б.].

Тәніміздегі «мидың» бір түрі энтероми немесе энтеро (көне грек тілінен *-ишек*) жүйке жүйесі деп аталады. Аталған жүйке жүйесінің жүз миллион нейроны бар. Бүгінгі күнгі неврология мамандарының мәлімдеуі бойынша, іштегі асқазан мен оның маңайында орналасқан басқа да асқорыту мүшелері мысықтың миындай күрделі болып келетіндігі дәлелденген. «Аш адам атасын танымас», «Қырық күн аш адамнан ақыл сұрама» қазақтың мақалдары осы сөздің дәлелі болса керек. Сол себепті ас қорыту мүшесін адам денесінің «екінші миы» деп те атап кеткен. Адамның асқазанындағы миынан басқа тағы да бір ақыл орталығы бар, ол – жүрек, жүрек адамзаттың қанын айдаушы «мотор» ғана емес, кез келген ақпаратты өздігінен іске асыру қабілетіне ие өзінің істей алатын «миы» бар орталық екендігі дәлелденді. Жүректің жұмысы мидың жұмысына, тіпті дененің барлық маңызды ағзаларына қуатты әсерін тигізеді. Жүрек адамның жан-тәніне өзінің иелігін жүргізіп, адамның тағдырына маңызды әсер етеді. Сол сияқты жүректің қиын «моторы» мидан бөлек тұрып та жұмыс істей алатындығы дәлелденген, мысалы, трансплантация жасалынған жүрек донордың мінезі мен әдеттерін сақтап қалатын болған сияқты бірнеше мысалдар келтіре беруге болады. Жүректе қырық мың нейроны бар *сенсорлық аксон* деген жүйке жүйесі болады. HeartMath (жүректің реттеуі) теориясының негізін салушысының

ойынша, жүрек дененің бірігіп әрекет ететін бірнеше жүйелерін біріктіретін негізгі ағза ретінде дене, ақыл, эмоция және рухты бір-бірімен байланыстырып, коммуникациялық тұтастыққа енгізетін бірегей нүкте болып табылады [7, 126-б.]. Атақты Аристотель де жүрек – интеллект орталығы, ал қозғалыс пен сезім дененің өмірлік қуатының орталығы деп санағаны мәлім. Олай болса, Мәшһүр Жүсіп те жүрекке назар аударғаны түсінікті.

Мәшһүр Жүсіп *«Табылар мергенге де – бұқтырушы»* өлеңінде жүрек жайлы былай дейді: *Қылады шүкір, сабыр білген адам, Ашылып жүрек көзі, көрген адам – «жүрек»* өмір сүруге негіз болатын, адамзат тәніндегі басты ағза. Егер жүрек жұмысын тоқтатса, адам да тіршілігін тоқтатады [8, 168-б.].

Шәкәрім Құдайбердіұлы өлеңдерінде *«жүрек»* сөзін *«саналы шерлі жүрек»*, *«жаралы жүрек»*, *«ақ жүрек»*, *«сорлы жүрек»*, *«нұрлы жүрек»*, *«таза жүрек»* деп алған. Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармаларында *«жүрек»* сөзі терең философиялық, рухани және моральдық мәнге ие. Шәкәрім адамның жан-дүниесін, оның ішкі күйзелістерін, рухани ізденісін сипаттауда *«жүрек»* ұғымын кеңінен қолданады. Бұл сөз ақын шығармаларында адамгершілік, махаббат, рухани тазалық, сенім және ізгілік сияқты ұғымдармен тығыз байланысты. Шәкәрімнің шығармаларында *«жүрек»* ұғымы арқылы адамның жан дүниесі мен өмірдегі орны сипатталады.

«Жүрек тыныштығы – жанның рахаты» деп ақын ішкі үйлесімнің маңыздылығын, жүрек пен жанның үйлесімділігі арқылы адамның нағыз бақытқа жететінін жеткізеді [4, 37-б.].

С.Торайғыров шығармаларында *«жүрек»* сөзі маңызды символдық мағынаға ие. С. Торайғыров *«сүйген жүрек»*, *«жас жүрек»*, *«көмілген жүрек»*, *«шын жүрек»*, *«қоян жүрек»* деп алған. Ол тек қана физиологиялық орган ретінде емес, адамның ішкі сезімдері, жан дүниесі, адамгершілік қасиеттері мен өмірлік мұраттарының көрінісі ретінде қолданылған. Бұл сөз арқылы ақын адамның ішкі әлемін, эмоционалдық және рухани күйін жеткізеді. С. Торайғыровтың шығармаларындағы *«жүрек»* сөзін талдағанда бірнеше аспектіге назар аударуға болады:

«Жүрегім – менің қазынам» деген жолдарында ол жүректің адамның ішкі байлығы, оның рухани құндылықтарының көзі екенін көрсетеді [5, 18-б.].

Жүрек – қиналыс пен мұңның белгісі. Ақын шығармашылығында жүрек кейде қайғының, мұңның, жалғыздықтың символы ретінде де көрінеді. Әсіресе, С. Торайғыровтың өміріндегі қиын кезеңдер мен оның қоғамдағы әділетсіздіктерді сынға алған туындыларында: *«жүрек»* қиналған жанның, азап шеккен адамның ішкі күйін суреттейді.

«Жүрегіме жүк түсіп, жаным жылап, қайғыдан қан жылады» деген жолдары жүректің азап пен ауыртпалықты сезінетіндігін, оның адам

жанындағы қасіретті бейнелейтіндігін көрсетеді [5, 26-б.]. Ақын жүрекке тіл бітіріп, оны ойландырып, адам тағдырын сараптаушы ретінде сипаттайды.

Ақын жүрек арқылы оқырмандарына өзінің ойларын, сезімдерін жеткізіп, олардың жүрегіне жол табуды мақсат етеді.

Жүрек адамның сезім мүшесі, құлақтан кірген сөз жүрек арқылы миға, ми арқылы барлық жүйке жүйесімен тәнімізге тарайды. Бұл өлеңде Мәшһүр Жүсіп «жүрек» – адамның ішкі жан дүниесі деп қараған. Өлең арқылы халқын ылғи адамгершілікке, имандылыққа шақырған. Мәшһүр Жүсіптің ойынша, адамда екі көздің болуы жеткіліксіз. Ең бастысы, «жүрек көзі» болуы керек. «Жүрек көзі» болған адамда ғана сабырлылық, адамгершілік, түсіністік болады деп айтқысы келген. Сол сияқты «батин көз» туралы да айтылған. Демек, «көкірек көзі» тіркесін ф.ғ.д., профессор Берікбай Сағындықұлының «Ғаламның ғажайып сырлары» атты еңбегінен оқып білуге болады. Абай «жүрек көзі» тіркесінің синонимі болатын «көкірек көзі» деген тіркесті алған:

Қарны тоқ хасса надан ұқпас сөзді,
Сөзді ұғар көкірегі болса көзді (Абай).

«Сарыарқаның кімдікі екендігі» еңбегінде «жүрек жарып» тіркесі ауыспалы мағынада айтылып тұр, жүректің жарылуы медициналық мағынада «инфаркт алу» дегенді білдірсе, мына жерде жағымды жаңалық естіп, қатты қуану мағынасында қолданылған, автор «жүрек» сөзінің тар мағынасынан ауқымды мағынасына ауысып, барлық ағзаны билеп кететін маңызы зор «ми» рөлін атқарып отырғандығын көрсетуде.

Сүйінші, жүрек жарып, сұрап жатыр,
Күлерсің, езу тартып күлмесең де.
Бұ жолға қажет үшін беру керек,
Пейілің тар, бұрын сараң, бермесең де.

«Нүсіпхан» өлеңінде «жүрек» сөзі екі жерде кездеседі, екі жердегі қолдану екі түрлі:

Ашылмаған сандығым,

Жүректен салды құлыпты-ай! – бұл тұста өмірден ерте озғалы тұрған, ауыр дертке шалдыққан Нүсіпханның өкпе-назы, уақыттың аздығы, «жүректі құлыптау» тіркесі тіршілігін тоқтату, айтарын айта алмау, істерін істей алмау дегенді білдіреді.

Ал екінші жерде «жүректің жалын отын» деп алынған, жас жігіттің бойындағы ыстық қызуы, жастығы алды-артын ойлауға, болжауға бөгет жасайды делінген.

Көңілің әрбір іске өрепиді,
Жүректің жалын отын байқа, балам! [3, 69-б.]

«Жүрек» сөзінің ауыспалы мағыналарда қолданылуы адамның санасына ассоциативтік мән беріп, көркемдік сипат беріп тұр.

Мәшһүр Жүсіп «Кәф пен нон» өлеңінде ми, ақыл-ой, сөз, тіл, ауыз, жүрек бірінсіз-бірі болмайтын дүниелер екенін дәлелдеген. «Кәф» - тіл, «нон» - ауыз дейді:

Кәфті нонға қоспасақ, сөз бола ма,
Жұмсаймыз қай орынға – айтшы мұны!
Болмасын есіл сөзім бояқпен без,
Сен – бір сурет: болғанмен: тіл, құлақ, көз.
«Кәфті нонға қосалық – күн», – дейді ғой, –
Екеуі қосылумен бол сын көп сөз.
«Күн(кін), - дейді Құдай өзі: – бол!» – деп айтты,
«Біріңмен бірің тойып, тол!» – деп айтты.
«Бас қос та, екеу-екеу әңгіме құр,
Суал, – деп, – қашан бізге - сол! – деп айтты.
Қағаз - тән(тін), сия да тән(тін): ақ пен қара,
Төгілсе аққа қара, жүзі қара.
Тағы бір жерінде:
Тіл- қалам, ауыз – дәуіт, түкірік-сия,
Жан-бұлбұл, дене-қапас, көңіл-ұя...» [8, 60-б.].

Соңғы жылдары лингвистика ғылымында әлемнің тілдік моделін қалыптастыруына үлкен септігін тигізетін парадигма ретінде Фрегенің жағдайды концептуализациялау деген ұғымы пайда бола бастады. «Концептуалды құрылым деген термин шындық пен оның тілдегі көрінісі арақатынасындағы байланыстың небір еркіндігін айқын көрсететін құрылым» [9, 17–18-бб.].

HEARTMATH теориясының мәлімдеуі бойынша, жүрек мимен және ағзамен негізгі 4 жолмен ұштасады екен. Солардың бірі – электромагниттік өріс арқылы энергетикалық жолмен ұштасу болып табылады [7, 126-б.]. Аталған сигнал дененің кез келген жерінен байқауға болады, біздің айналамызда тарап қалықтап тұрады.

Жүректе жеке жүйке жүйесі бар, ми оны бақылай алмайды [10, 212-б.].

Мәшһүр Жүсіптің «Бақсының сөзі» деген өлеңінде соматизмнің жиі қолданылуы қас бедеуге бала бер деп электромагниттік өріс арқылы бала сұраған дұғасындағы кодтық сөз деп айтуға болады, ал өмірден озған ұлына жазған «Әмен қазасына» жоқтауында, «Өзімді, жыным бар ма өзім жойып?! Отырмын Хақ ісіне мен ден қойып. Жемісім ақыретлік толық болып» деп өзіне сабыр айтып, HEARTMATH теориясында көрсетілгендей, жүректің «сұхбаты» биохимиялық жолмен жүзеге асу барысында стресс гормондарын тежейтін нейротрансмиттерлердің қызметі жүрек соматизмінің ұмыт қалдыруынан көрініс тапқан. Үш ұлының бірі – Мұхаммедәмен қайтыс болғанда әкенің жүрегі зар жылап отырғаны анық. Мұңын-зарын жоқтау қып

айтқанда «жүрек» сөзін әдейі қалдырып кетіп отырды; жүрекке одан әрі зіл түсірмеу керектігін білді. Бұнымен Мәшһүр Жүсіптің «ақыл, сабырлылық, жүректі» қатар ұстаған ұлылығының бір қыры десек те болады.

Қорытынды

Қорыта келгенде, нейролингвистика – қазақ тіл білімінде енді дамып келе жатқан бағыт. Біздің зерттеуімізде ми, ес, сана, ақыл дегендердің бала тілінің қалыптасуынан бастап, ер жеткенге дейінгі тілдік көрінісі қандай екендігі басты назарда болып келеді. Мәшһүр Жүсіптің медициналық білімі болған, Аристотель, Гален арасындағы сөз болған «нерві» мәселесі де мидың, жүректің, қантамырларының жұмыстары жөнінде де кеңінен мәліметтер берген. Жалпы, ақынды атропозекті мәселелер: адамның пайда болуы, тууы, қалыптасу кезеңі, өсуі, адам ағасының, дене мүшесінің, жан мен тән, мінез, құлық байланысы т.б. қатты қызықтырған. Мәшһүр Жүсіп, Шәкәрім мен С.Торайғыров Сократ, Плотон, Аристотель, әл-Фараби т.б. араб философтарын да оқып, өздерінің ой-топшылауларын жасап отырғаны байқалады. Бұл үш ойшылдың шығармаларында «ақыл» мен «жүрек» ұғымдары адамның рухани және моральдық қалыптасуында ерекше маңызға ие. Олар адамның өзін-өзі тануы, қоғамдағы орнын анықтау және рухани даму жолындағы басты құрал ретінде көрініс табады. Мәшһүр Жүсіптің ішкі тазалық пен парасаттылыққа назар аударуы, Шәкәрімнің әділет пен шындыққа ұмтылысы, С. Торайғыровтың әлеуметтік мәселелерге бағытталуы — барлығы да «ақыл» мен «жүрек» сөздерінің әртүрлі қырларын ашады. Шығармаларында «жүрек, ақыл, қуат, қайрат т.б.» сөздері адамның ішкі жандүниесі мен сыртқы әлем байланысы да кеңінен орын алғандығы оның адамтану мәселесіне терең барғандығынан деп түсіндіруге болар еді. Нейролингвистикалық тұрғыдан қарағанда, «ақыл» мен «жүрек» сөздерінің қолданылуы адамның когнитивтік және эмоционалдық үдерістерін қалыптастырады. Мәшһүр Жүсіп, Шәкәрім және С. Торайғыров бұл ұғымдарды қолдану арқылы адамның санасын, ойлауын және сезімін тіл арқылы реттейді. Олардың шығармалары адамның ақыл-ойын және жүрек сезімдерін теңдестіріп, рухани дамуына ықпал етеді, бұл арқылы тілдің адамның миындағы нейрондық процестерге әсерін көрсетеді.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Аскерова, Т. А.** Теоретические основы нейролингвистического программирования и роль языка и опыта в его структуре//Научное мнение [Текст]. – Санкт-Петербург, 2015. – № 8. – С. 110–113.

2 **Джексон, Дж. Х.** Избранные работы по афазии [Текст]. – СПб. : «Нива», 1996. – 169 с.

- 3 **Көпеев, М. Ж.** Таңдамалы шығармалары [Мәтін] // 1 том. – П. : «ЭКО» ҒӨФ, 2005 ж. – 540 б.
- 4 **Шәкәрім.** Иманым [Мәтін] // Алматы : Арыс. 2000. – 321 б.
- 5 **Торайғыров, С.** Жақсылық көрсем өзімнен [Мәтін] // Алматы : Мазмұндама. 2022. – 155 б.
- 6 **Thomas, W.H.** «Changes in perceptions of ethical leadership : Effects on associative and dissociative outcomes.» [Text] // Journal of applied psychology 106.1 (2021): 92.
- 7 **Дилтс, Р.** НЛП-2 : поколение Next [Текст] // Спб.: Питер, 2010. – 252 с.
- 8 **Көпеев, М. Ж.** Таңдамалы шығармалары [Мәтін] // 2 том. – П. : «ЭКО» ҒӨФ, 2005 ж. – 448 б.
- 9 **Глазунова, О. И.** Синергетика творчества: Опыт анализа художественного текста [Текст] // М. : Книжный дом «ЛИБРОКОМ», 2012. – 344 с.
- 10 **Childre, Doc, & Martin, Howard.** The HeartMath Solution [Text] // HarperSanFrancisco : Harper Collins, 2000. – p. 283

References

- 1 **Askerova, T. A.** Teoreticheskiye osnovy neyrolingvističeskogo programmirovaniya i rol' yazyka i opyta v yego structure [Theoretical foundations of neuro-linguistic programming and the role of language and experience in its structure] [Text] // Nauchnoye mneniye. – Sankt-Peterburg, 2015. – 113 p.
- 2 **Djekson, Dj. X.** Izbrannie raboti po afazii [Selected works on aphasia] [Text] // Sankt-Peterburg : «Niva», 1996. – 169 p.
- 3 **Kopeev, M. Zh.** Таңдамалы Ғығармалары [Selected works] [Text] // 1 том. – Pavlodar : «EKO» GOF, 2005. – 540 p.
- 4 **Şäkärım.** İmanym [Imanym] [Text] //Almaty: Arys, 2000. – 321p.
- 5 **Toraıǵyrov, S.** Jaqsylıq körsem öziınen [If I see good in myself] [Text] // Almaty : Mazmündama, 2022. – 155 p.
- 6 **Thomas, W. H.** «Changes in Perceptions of Ethical Leadership: Effects on Associative and Dissociative Outcomes.» [Text] //Journal of Applied Psychology, vol. 106, – no. 1. – 2021. – p. 92.
- 7 **Dilts, R.** NLP-2: pokolenie Next – Saint Petersburg : Piter, 2010. – 252 p.
- 8 **Kopeev, M. Zh.** Таңдамалы Ғығармалары [Selected works] [Text] // 2 том. – Pavlodar : «EKO» GOF, 2005. – 448 p.
- 9 **Glazunova, O. I.** Sinergetika tvorčestva: Opyt analiza khudozhestvennogo teksta [The synergetics of creativity : The experience of analyzing a literary text] [Text] // Moscow : Knizhnyy dom «LIBROKOM», 2012. – 344 p.

10 Childre, Doc, and Howard Martin. The HeartMath Solution. HarperSanFrancisco [Text] // HarperCollins, 2000.

22.10.24 ж. баспаға түсті.

10.01.25 ж. түзетулерімен түсті.

17.02.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

*З. С. Маширапова

Торайғыров университет,
Республика Казахстан, г. Павлодар.

Поступило в редакцию 22.10.24.

Поступило с исправлениями 10.01.25.

Принято в печать 17.02.25.

НЕЙРОЛИНГВИСТИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ СЛОВ «УМ», «СЕРДЦЕ», ВСТРЕЧАЮЩИХСЯ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ КАЗАХСКИХ ПОЭТОВ, ПИСАТЕЛЕЙ

В статье обсуждалось значение слов «разум», «сердце» в области нейролингвистики из произведений известных казахских поэтов-писателей Абая, Шакарима, Маишхура Жусупа. Слова «разум» и «сердце» занимают особое место в казахской народной литературе. Казахские поэты и писатели использовали эти понятия для передачи внутреннего мира человека, духовного богатства и важности нравственности. Эти слова имеют нейролингвистическое значение, то есть имеют большое влияние на психологию, сознание, поведение человека. Иллюстрирует сочетание человеческой логики и эмоций с помощью перечисленных понятий. В исследовании данной темы рассматривается влияние представления понятий «разум» и «сердце» в литературе на психологию человека и то, как они выражаются в языковом отношении. С помощью методов нейролингвистики объясняется, как использование этих слов влияет на человеческий разум, эмоции и поведение.

В качестве главной задачи и направления статьи будут углубленно и всесторонне изучены произведения казахских поэтов и писателей. Из трудов выдающихся поэтов, писателей выделяются нейролингвистические особенности. Определяется сила слова, энергия слова и влияние произнесенного слова на людей. В качестве материала исследования берутся слова «мозг», «сердце», «сознание», «разум». Функции источника энергии человека, тела, сердца, кровеносных

сосудов и т. д. Эта функция хорошо регистрируется. Но, с сегодняшней точки зрения, исследование в научном контексте, особенно в контексте нейролингвистики, является очень ответственной задачей.

Ключевые слова: слово, нейролингвистика, язык, сердце, разум, мозг.

*Z. S. Mashrapova

Toraighyrov University,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Received 22.10.24.

Received in revised form 10.01.25.

Accepted for publication 17.02.25.

THE NEURO-LINGUISTIC MEANING OF THE WORDS «MIND», «HEART» FOUND IN THE WORKS OF THE KAZAKH POETS, WRITERS

The article discussed the meaning of the words «mind», «heart» in the field of neuro-linguistics from the works of famous Kazakh poets-writers Abai, Shakarim, Mashhur Zhusup. The words «mind» and «heart» occupy a special place in Kazakh and folk literature. Kazakh poets and writers used these concepts to convey the inner world of a person, spiritual wealth and the importance of morality. These words have a neuro-linguistic meaning, that is, they have a great influence on psychology, consciousness, and human behavior. Illustrates the combination of human logic and emotions using the listed concepts. The study of this topic examines the influence of the representation of the concepts of «mind» and «heart» in literature on human psychology and how they are expressed linguistically. Using neurolinguistics methods, it is explained how the use of these words affects the human mind, emotions and behavior.

As the main task and direction of the article, the works of Kazakh poets and writers are studied from a new point of view. Neurolinguistic features are distinguished from the works of outstanding poets and writers. The power of the word, the energy of the word and the influence of the spoken word on people are determined. The words brain, heart, consciousness, mind are taken as the research material. The functions of the human energy source, body, body, heart, blood vessels, etc. the function of functioning is widely recorded. But, from today's point of view, research in a scientific context, especially in the context of neuro-linguistics, is a very responsible task.

Keywords: word, neurolinguistics, language, heart, mind, brain.

Теруге 17.02.2025 ж. жіберілді. Басуға 28.03.2025 ж. қол қойылды.
Электронды баспа
4,76 МБ RAM
Шартты баспа табағы 30,73. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.
Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Тапсырыс № 4350

Сдано в набор 17.02.2025 г. Подписано в печать 28.03.2025 г.
Электронное издание
4,76 МБ RAM
Усл. печ. л. 30,73. Тираж 300 экз. Цена договорная.
Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Заказ № 4350

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.
67-36-69
e-mail: kereku@tou.edu.kz
www.vestnik.tou.edu.kz